МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ

# Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№02 (43), ақпан-наурыз, 2013 жыл





## Қымбатты ханымдар, құрметті әріптестер!

Жер дүниені жылылыққа орап, жүректерге іңкәр сезім сыйлап, көктем келді. Жер-Ана бусанып, тоңы жібіп, жаны кіріп, тіршілік қайта жалғасады. Ал Жер-Анамен қатар Аналар да шаттыққа бөленеді. Өйткені, көктемнің алғашқы күндерінде дүние дидары Әйел баласының көңіліне ауады. Кірпігіне кірбің ұялатпауға, жайдары жүзге енуіне, жүрегіне қуаныш сыйлауға ұмтылады. Себебі бұл – **8 наурыз!**

Халықаралық Әйелдер күні мерекесімен Сіздерді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әкімшілігі, ер азаматтары атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Мұнайгаз өндірісіне зор үлес қосушы 1875 нәзік жанды ұжымдастарымызға әр таңдарың арайлап атып, күндерің нұрға толсын, көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын демекпіз!

*Мерейлі сәт мерекеге ұласып,*
*Сегізінші наурыз келді қыр асып.*
*Қыз-келіншек, нәзік жандар мейрамы*
*Көктемімнің шапағатын тұр шашып.*

*Құттықтаймыз аналарды, қыздарды,*
*Мерекеден шуақты бір із қалды.*
*Болсын әркез көтеріңкі көңілдер,*
*Нұрын шашсын мерекеге өңірлер!*

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ер азаматтары**

# Облыс әкімі Алик Айдарбаев өңірдің әлеуметтік жаңғырту жоспарын мәлім етті



Ағымдағы жылғы **22 ақпанда** Маңғыстау облысының әкімі А.Айдарбаевтың облыс халқымен есепті кездесуі болып өтті.

Іс-шараға ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Талғат Байзатов, барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық басқармалар және аумақтық органдар басшылары, «Нұр Отан» ХДП мүшелері, мәслихат депутаттары, облыстың барлық елді мекендерінің және жұртшылықтың, үкіметтік емес ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, ардагерлер мен жастар қатысты.

Бірінші кезекте, облыс әкімі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2012 жылғы қорытындыларын мәлім етті.

Бір ай бойы мен өңірдің қазіргі жағдайымен таныстым, облыстың барлық аудандары мен қалаларында болдым. Облыс активімен, жекелеген еңбек ұжымдарымен кездестім. Аудандар мен қалаларда болған кездесулер көрсеткендей, облыс тұрғындарында өткір проблемалы мәселелер жиналып қалған. Бұл тұрғын үйдің жетіспеуі, жұмыссыздық, селолық елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтаудың, жақсы жолдардың жоқтығы, жаңадан салынған тұрғын үй аудандарын электр қуатымен, газбен және сумен сапасыз қамтамасыз етілуі секілді мәселелер, – деді Алик Айдарбаев. – Бір жыл ішінде біздің азаматтарымызды толғандыратын барлық мәселелерді шешу мүмкін емес екені түсінікті. Кейбір мәселелер ағымдағы жылы, оның ішінде бекітілген бюджет ресурстары аясында да шешілетін болады.

2013 жылға арналған облыс бюджеті 127,2 млрд. теңгені құрады. Орталықтан нысаналы трансферттер түрінде өңірді дамытуға 42 млрд. теңге бөлінді, бұл өткен жылғы деңгейден 5 млрд. теңгеге артық.

Облыс әкімі өз сөзінде «Қазақстан 2050» Стратегиясында Елбасының әлеуметтік жаңғырту қажеттігіне ерекше назар аударғандығын атап өтті. Мәселен, балабақшаларда орын жетіспеушілігін азайту үшін осы жылы 16 мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдары пайдалануға беріледі.

– Балабақшаға кезекке 1-ден 6 жасқа дейінгі 31 мың бала тіркелген. Балабақшаға орнын күтіп отырған балалардың ең көп саны Ақтау, Жаңаөзен қалалары мен Мұнайлы ауданында. Мектеп жасына дейінгі балалардың жаңа мекемелерін ашу проблеманы шешпейді. Балабақшалардағы орын жетіспеушілігін барынша азайту үшін бұның жеткіліксіз екендігі түсінікті. Біз бұл жерде мемлекеттік, жекеменшік әріптестік практикасын пайдалануға тиістіміз деп ойлаймын, – деп атап көрсетті өңір басшысы.

Сонымен бірге, облыс әкімі ағымдағы жылы барлық бөлінген қаражат бұрын басталған білім беру нысандарының құрылысын аяқтауға, салуға және бұрынырақ басталған білім беру саласының нысандарының құрылысын аяқтауға, апаттық жағдайдағыларын күрделі жөндеуден өткізуге, сондай-ақ оқыту үш ауысымда жүргізілетін мектептердің санын азайтуға жұмсалатындығын айтты.

Сондай-ақ, осы жылы 6 мың оқушы орнына есептелген 10 жалпы білім беретін мектеп құрылысын аяқтау жоспарлануда. Бұл 5 мектептегі үш ауысымда оқу проблемасын шешуге, сондай-ақ Ақтау қаласының мектептерінде оқитын Мұнайлы ауданы оқушыларының санын ішінара төмендетуге мүмкіндік береді. Осы жылғы бюджетте облыс мектептерінің компьютерлік жиынтығын кезең-кезеңмен жаңарту қарастырылған.



Ақтауда облыстық аурухананың кардиохирургиялық корпусының құрылысы одан әрі жалғасатын болады. Оның базасында жуықта өңір үшін бірегей кардиологиялық орталық құрылмақ. Облыстық онкологиялық диспансердің, Ана мен баланы қорғау орталығының құрылысы жалғасатын болады. Қалалық перзентхана, Жаңаөзен қаласындағы екінші қалалық емхана, Мұнайлы аудандық емханасы, сондай-ақ 9 селолық дәрігерлік амбулатория пайдалануға беріледі.

Облыс әкімі ағымдағы жылы түрлі кәсіпорындардың жұмыскерлерін қысқартуға және оларға еңбекақыларын төлеуді кідіртуге жол бермеу бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет екендігіне қатысушылардың назарын аударды.

– Бізде мұнай-газ өндіру саласында 37 мыңнан аса адам жұмыс істейді, сондықтан кәсіподақ ұйымдарының еңбек дауларын уақытылы және әділ шешуде ғана рөлі мен жауапкершілігін күшейтіп қоймай, жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы шиеленістерге жол бермеу бойынша барлық алдын алу шаралары кешенін қабылдау қажет, - деді Алик Айдарбаев.

Сондай-ақ облыс әкімі азаматтарымызды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуде басты құралдарымыз «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын, үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын, халықты кішігірім несиелендіруді тиімді іске асыру болуы тиіс екендігін атап өтті.

– Кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу арқылы, біз өндірісті кеңейтуге және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға қол жеткіземіз. Бұл үшін нақты құралдар да бар. Алайда бұл жерде тұрғындар да өз бетімен жұмыспен қамтылу жайын өзі қамдауы тиіс. Біз баршаны мұнай саласындағы жұмыспен қамтамасыз ете алмаймыз. Реалист болуымыз керек, – деді өңір басшысы.

Өңірде тауарлардың жекелеген түрлеріне республика бойынша ең жоғары бағалардың бірі тіркелген. Негізгі себеп – өзінің ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемінің жетіспеушілігі, азық-түліктің 60-70% өңірге сырттан әкелінеді.

Бұл жерде облыс әкімі тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына әлеуметтік-маңызды тауарларды сақтау, жиып қою және сату үшін инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ бағаларды төмендетуге, делдалдарды болдырмауға, азық-түлікті жүк транзитін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуге тапсырма берді.

Тұрғындарды толғандыратын ең көкейтесті проблемалар рейтингінде - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты мәселелер топтамасы. Көптеген мәселелер жеке тұрғын үй құрылысы аудандарындағы инженерлік инфрақұрылымның болуына қатысты болды. Соңғы жылдар ішінде жеке тұрғын үй құрылысына жер телімдері аз бөлінген жоқ.

– Қазір құрылыстың екінші толқыны басталды, бірінші кезекте қажетті инфрақұрылымды тартып әкелу мәселесі тұрмақ. Жер барлық инженерлік коммуникациялар - электр беру желілері, су таратқыштар, газ құбырлары тартып әкелінген жерлерден ғана берілуі тиіс екендігін атап өтемін. Бұл салада көптеген проблемалар жиналып қалған, бір күннің ішінде біз бәрін шешпейміз. Бюджет мүмкіндігіне қарай инженерлік инфрақұрылым құрылысына ағымдағы жылы 5 млрд. теңге бөлінді, – деп кездесуге қатысушыларға өңір басшысы хабарлама жасады.

Жергілікті атқарушы органдар үшін ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету мәселесі басымдыққа ие болып қала береді. Бүгінге облыстың 57 елді мекенінен 15-і ғана орталықтандырылған сумен жабдықталған. «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша 1,5 млрд. теңгеге жуық бөлінді. Бұл қаражатқа облыстың бірнеше елді мекенін сумен қамтамасыз ету бойынша шамамен 10 жобаны іске асыру, осылайша орталықтандарылған сумен жабдықтауға 22 мың адамды қосу жоспарлануда.

Жылдың жаз мезгілінде қала тұрғындарын үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында, Ақтау қаласында электр беру кәбіл желілерін және бір трансформаторлы кіші стансаларды қайта құру бойынша жұмыстар басталады.

Сонымен бірге, осы жылы 15 көп пәтерлі тұрғын үйді жөндеуге 1 млрд. теңге бөлінді.

«Қолжетімді тұрғын үй – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында тек Ақтау қаласы бойынша бюджеттік сала қызметкерлері үшін 32 «а» шағын ауданында 100 пәтерлік тұрғын үй, 32 «б» шағын ауданында бес 40 пәтерлік тұрғын үй, 19 шағын ауданда үш 65 пәтерлік тұрғын үй құрылысы аяқталады.

2013 жылы «Апаттық тұрғын үйді бұзу» жобасын іске асыру аясында облыс орталығында осылардың орнына көп пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы басталатын болады.

Есепті кездесу барысында облыс әкімі өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, өңірдің көлік әуелетін пайдалану, автомобиль жолы желілері мен темір жолдар құрылысы, Ақтау қаласының аула аумақтары мен теңіз жағалауын абаттандыру мәселелерін де қозғады.

Содан кейін Алик Айдарбаев залдан қойылған сұрақтарға жауап берді. Облыс әкімдігі жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Ғұмаров Ұлы Отан соғысына қатысушыларға сауықтыру шипажайларына жолдама бөлу, сондай-ақ дүкендер мен дәріханаларда ардагерлерге қызмет ететін арнайы бөлімдер ашу мәселелерін көтерді. Облыс әкімі бұл мәселеленің шешілетініне сенім білдірді.

Түпқараған ауданы орта мектебінің мұғалімі ауылдық жерлердегі балаларға бос уақытын өткізетін оқушылар сарайын салу жөнінде ұсыныс жасады.

Приморск тұрғын үй алабын газдандыру және проблемалы нысан – «Заветная мечта-1» тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтау мәселелері де көтерілді.

– Приморск тұрғын үй алабын газдандыруға бір миллиард теңге қажет. Осы жылы жұмыстар басталады. 273 миллион теңге де бөлінді. Үлескерлік объектісі, «Заветная мечта-1» осы жылы салынып біттпек. Алайда қосымша қаражатқа мұқтаж тағы екі нысан бар. Сондықтан облыстық мәслихат депутаттарымен қаржыландыру жолдарын іздейміз. Егер бюджетте қаржы болса, онда оны осы тұрғын үй кешендерін аяқтауға бағыттаймыз, – деп жауап берді облыс әкімі.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# ӘРІПТЕСТЕРДЕН ӘСЕРЛІ КӨМЕК

**Биылғы жылдың 4 ақпанында күні әріптесіміз, Асар кенорнындағы жылу қазандығының операторы, бес баланың әкесі Жақсылық Айтмағамбетовтың отбасында оқыс оқиға болды. Оның Жетібай станциясындағы корпустық үйде орналасқан 4 бөлмелі үйі түгелдей өртеніп кетті. Оқиға болатын күні Жақсылық әйелімен және жасқа жетпеген нәрестесімен Ақтау қаласына азық-түлік алып келуге жолға шыққан. Қалған балалары мектеп пен балабақшада болатын. Қалаға жетпей жатып көршілері Жақсылықтың ұялы телефонына: «Ойбай, Жәке, тез кері қайт, үйіңнен өрт шықты!», – деп соққан.**

Өрт көрінген кезде көршілері бірден өрт сөндірушілерді шақыртып, өртті өз күштерімен сөндіруге тырысқан. Өрт сөндірушілер бригадасы да лезде жетіп, 17 минут бойына тілсіз жаумен күрескен. Алайда үй ішіндегі дүние-мүлік лезде жанып кетіп, ештеңені де алып қалуға мүмкіндік болмады. Құдайға шүкір, бас аман. Қазір өрттің себебін мамандар анықтап жатыр.

– Жақсылық бізде 2001 жылдан бастап жасайды, өте жауапты және еңбекқор жұмыскер, – дейді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары Құдайберді Досаев. – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ оның басына түскен жағдайды естісімен, қаражаттай көмегімізді беруге асықтық. Бес баламен қыстың уақытында далада қалу – оңай ма? «Жетібаймұнайгаз» жұмысшылары түгелдей «көмек береміз» деп келісті. Барлығы бір миллионнан асатын ақша жинап бердік, оған жаңа тоңазытқыш, теледидар, газ плитасын алып бердік, басқа да ең керекті заттарын алдық. Осы шаруаға атсалысқан, көмектерін берген әріптестеріме рахмет айтқым келеді. Олар нағыз достықтың, жолдастықтың, ұжымдастықтың үлгісін көрсетті. Дәл қазір Айтмағамбетовтар отбасы уақытша Жетібай станциясындағы № 5 мектептің кішкентай үйшігінде тұрып жатыр.

Айтмағанбетовтар отбасына осы мектеп ұжымы ақшалай да көмегін берді. Көмекті ұйымдастырған мектеп директоры, Қарақия аудандық маслихатының депутаты Жансұлу Түркменбаева. Зардап шеккен отбасыға 180 мың теңге жинап берілді.

– Өз атымнан және отбасымның атынан «Жетібаймұнайгаз» басшылығы мен ұжымына, әріптес, дос-жарандарға, Жетібай станциясындағы № 5 мектептің басшылары мен педагогтарына үлкен рахметімді айтқым келеді, – деді риза көңілмен Жақсылық Айтмағамбетов. – Басымызға іс түскенде халайықтың жақсы ниетпен көрсеткен көмектеріне өте ризамын. Барлықтарыңыздың үйлеріңізде құт-береке болсын, ыстық ықыластарыңызға рахмет! Бәле-жаладан аман болайық.

Бұған қосып айтарымыз, қажетті құжаттар жиналған соң, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басшылығы да материалдық көмегін бермекші.



# Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы бастаған республикалық ақпараттық-насихат тобы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерімен кездесті



Аймақта жұмыс сапарымен болған ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнай-газ саласының қызметкерлерімен кездесті. Насихат тобы құрамынан бөлек кездесуге Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Алдашев Сүйіндік Тастеменұлы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Сунь Синъюнь, Бас директорының бірінші орынбасары Досмұхамбетов Махамбет Жолдасғалиұлы қатысты. Жиынды салтанатты түрде ашқан АҚ Бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Қолдасбаев Ибадулла Мұратұлы сөз тізгінін алдымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Сунь Синъюнь мырзаға берді. Өз кезегінде Бас директор Елбасының Жолдауы аясында ой бөлісу әрі оны таныстыру мақсатында Маңғыстауға ат басын тіреген республикалық ақпараттық-насихат тобына қошемет білдіріп, Елбасы Стратегиясын қолдайтынын, алдағы кезеңдердегі барлық жұмыстардың басты бағыты да осы болатынын жеткізді.

Елбасының ең алғашқы Жолдауы осыдан 16 жыл бұрын жарияланған болатын. «Қазақстан-2030» стратегиясы терең тарихтан бастау алып, елімізді жарқын болашаққа жетеледі. «Көреген саясаттың арқасында бүгін, міне, бірлігі бекем елге айналдық», - деген министр Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында «Біздің ендігі міндетіміз - егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру. Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру» деп атап көрсетті. Кездесуде «Қазақстан-2050» стратегиясында жүктелген міндеттерді мұнайшылар да қолдайтындықтарын жеткізді. Әсіресе, балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту мақсатында жекеменшік балабақшалар ашуға қолдау білдіріліп жатқандығын құп көреді. Осы орайда, мұнайшылар балабақшалар санын арттыруда кен игеруші компаниялардың тарапынан демеу білдірілсе деген тілектерін жеткізді. Сондай-ақ, соңғы кездері барлық қазақстандықтарды толғандырып жүрген жекеменшік зейнетақы қорларын бір мемлекеттік ұлттық зейнетақы қорына біріктіру, болашақ аналарға босанғаннан кейін төленетін өтемақы мөлшерінің азайғандығы, 2017 жылы Астанада болатын ЭКСПО-2017 халықаралық көрмеге қатысты сұрақтар да көтерілді.

Ел экономикасы мұнай-газ саласына тәуелді екені айтпаса да түсінікті. Мұнайшылардың әлеуметтік қорғау мәселесі де Үкіметтің күн тәртібінен түспек емес. Өз кезегінде ірі компаниялар жастарды мұнай-газ саласын меңгерген білікті кадр етіп даярлауға үлес қосуы керек. Бұл жергілікті жердегі жұмыссыздықты азайтуға да ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлының «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына айтқан ұсыныстарының бірі осы болды.




# ТАҒАЙЫНДАУЛАР

**Найзабекова Айнұр Найзабекқызы 18.02.2013 жылы Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры болып тағайындалды.**



Найзабекова Айнұр Найзабекқызы 1976 жылы ақпанның 5-ші жұлдызында Маңғыстау облысының Ақтау қаласында дүниеге келді.

1993 жылы «Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг» университетіне түсіп, 1997 жылы «Бизнес және менеджмент» мамандығы бойынша білім алып шықты.

Еңбек жолын 1999 жылы Ақтау қаласындағы «Ақтау халықаралық әуежайы» Акционерлік қоғамында материалдық есепші қызметінен бастады, бұл мекеде 2001 жылға дейін жұмыс жасады.

Одан кейін 2001-2004 жылдары, Қазақстан Қолданбалы экология агенттігінде («ҚҚЭА» ЖШС) бас есепші қызметін атқарды.

2004 жылдың ақпан айынан бастап «ТеңізСервис» ЖШС мекемесінде бас есепші қызметінде 2009 жылдың желтоқсан айына дейін қызмет атқарды.

2009 жылдың желтоқсан айынан бастап «ТеңізСервис» ЖШС мекемесінде Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметінде 2011 жылдың шілде айына дейін қызмет атқарды.

2011 жылдың тамыз айынан бастап «АқтауНефтеСервис» ЖШС мекемесінде бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметінде 2012 жылдың наурыз айына дейін жұмыс жасады.

2012 жылдың мамыр айынан бастап тағайындалуына дейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Басқарма кеңесшісі қызметін атқарып келді.

ҚР Кәсіби бухгалтерлер палатасының мүшесі.

Отбасында бір ұл және бір қыз тәрбиелеуде.

# ШЫМЫР БОЛАМ ДЕСЕҢ - ЖАТТЫҒАСЫҢ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ облыстағы бірнеше ауданға жыл сайын қолдау көрсетіп келеді. Соның бірі – Жетібай кентіндегі былтырғы жылы бой көтерген спорт мектебі. Мекеме басшылығы биылғы жылы сол мектеп шәкірттерін тағы да қуантты. Ауыл жастары мен тұрғындары енді жаңа жаттығу бөлмесінде спортпен шұғылдануға мүмкіндік алды. Спорт бөлмесін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Сунь Синъюнь мырза салтанатты түрде ашты. Жаттығу бөлмесі соңғы үлгідегі заманауи техникамен жабдықталған. Залда жүгіру жолы, вело және кардиотренажерлар орналасқан. Жалпы, жаттығу бөлмесі күніне 100 адам қабылдауға қауқарлы.

*«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кезекті қолдауымен бүгін спорт мектебінде жаттығу залы ашылып отыр. Жаттығу тренажерларын сатып алу үшін 2 жарым миллион теңге бөлінді. Күндіз спорт мектебіне оқушылар барса, кешкі алты жарымнан кейін ауыл жастары мен тұрғындары келіп пайдаланады. Бұл да болса ауыл жастарының бос уақыттарын тиімді өткізулеріне үлкен көмек. Барлық Жетібайлықтардың атынан компанияға алғысымыз шексіз – деді Жетібай кентінің әкімі Қуаныш Асанов.*



Жетібай кентінде соңғы 50 жылдың шамасында спорт мектебі болмаған. «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің қаржылай қолдау көрсетуімен 2012 жылдың наурыз айында осы спорт мектебі салынды. Әлеуметтік нысанға аталмыш мекеме бюджетінен 272 миллион теңге бөлінген болатын. Спорт мектебінде волейбол, футбол, үстел теннисі, тхэквондо секілді спорттың түрінен 147 шәкірт дәріс алады. Жетібай кенті облыс орталығынан 80 шақырым жерде орналасқан. Ауылда 11 мың халық тұрады. Олардың басым бөлігі мұнайшылар. Сондықтан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдағы уақытта мұнайшылар ауылы мен мекеме қызметкерлері отбасыларының игілігі үшін әлеуметтік қолдау көрсетуді жалғастыра бермек.

## *Құттықтаймын мерекең, шаттығыңмен!*

***Құттықтаймын мерекең, шаттығыңмен!***
***Барар-ем қызыл гүлдер, ақ гүліммен,***
***Әттең-ай, шалғайдасың,***
***Бірақ, сенің бітпейді ғой мейрамың тап бүгінмен.***
***Гүл, сыйлықты берермін сізге кейін,***
***Мазаңды алып, қасыңнан іздемейін.***
***Қыз көңілі гүлдей ғой, көктем келсе***
***Жайқалатын жаз тіпті күзге дейін!***
***Құрбандыққа шалса да күзгі гүлін,***
***Табиғат сыйлар саған ізгі нұрын.***
***Ал, әзірше жайнаңдар, құлпырыңдар,***
***Қызыққа толы болсын "қыз ғұмырың"!***
***Кей жүректе от болып жағыларсың,***
***Бір кездері бұл күнді сағынарсың.***
***Күз келгенде құрамай, ең көрікті-***
***Жігіттің құшағынан табыларсың!!!***

**Еділ Бекмұрат, ҚК күзетшісі**

## *8 Марта*

***Вот пришла весна-красна,***
***Тает снег, растёт трава.***
***Солнце светит***
***В дверь стучит***
***Лучший праздник***
***Наших мам***
***В этот день 8-го Марта,***
***Мы хотим Вам пожелать:***
***Счастья, радости, успехов,***
***Красоты, здоровья, смеха,***
***И, конечно же, любви.***
***Никогда чтоб ни коснулись***
***Вашей жизни ни беда,***
***Ни боль, ни огорченья.***
***Будьте веселы всегда!***

# Құрметті әріптестер!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымдық шартында Қоғамның қызметкерлері үшін Маңғыстау облыстық ауруханасы мен Облыстық перинаталдық орталықтың сервистік палаталары жағдайында ем алу мүмкіндігі көзделгені белгілі. Биылғы жыл басында осы жобаны іске асырудың сәті түсті. Бұл жобаны іске асыру үшін Маңғыстау облыстық ауруханасында 10, ал Облыстық перинаталдық орталығында 2, барлығы 12 палатада күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оларды медициналық жиһаздармен, тұрмыстық бұйымдармен және басқалай жабдықтармен жабдықтау қызметтерін сатып алу туралы 2 арнаулы маманданған компаниялармен өткен жыл аяғында келісім-шарттар жасалынған еді. Бүгінгі күні осы жұмыстар аяқталып, бұл палаталар науқастанып қалған, емі осы клиникаларда өткерілуі тиіс Қоғамның қызметкерлерін қабылдауға дайын. Бұл палаталар Маңғыстау облыстық ауруханасының урология, нейрохирургия, офтальмология, ЛОР (оториноларингология), хирургиялық инфекция, терапия (гастроэнтерология, эндокринология) бөлімшелерінде, Облыстық перинаталдық орталықтың «Ана және сәби» бөлімшелерінде орналасқан. Клиникалардың басшыларымен келісім бойынша басқа бөлімшелерде де бұрыннан жасақталған сервистік палаталарда біздің Қоғамның қызметкерлеріне ем алуға мүмкіндік жасалып, медициналық көмек алу аясы әлі де кеңейтіле түспек.

Қажет кезеңде сервистік палаталарға орналасу мәселесін стационарлық емге жолдаушы дәрігер арқылы шешуге болады. Егер науқастар шұғыл түрде ауруханаға түсіп қалса, қабылдаушы дәрігерге ескерту қажет. Мәселе шешімін таппаған жағдайда Медициналық-санитарлық бөлім басшылары кез келген уақытта араласуға әзір.

**Ораз Ә. Ж.**
**Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму Департаменті**
**Медицина-санитарлық бөлімінің бастығы**

# «Маңғыстаумұнайгаз» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісіне қатысты

**2013 жылдың 1 ақпанында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің 2012 жылдың қорытындылары және 2013 жылғы міндеттерге арналған кеңейтілген алқа мәжілісі болып өтті.**

Алқа отырысына ҚР Парламентінің депутаттары, Президент Әкімшілігінің, Премьер-министр Кеңсесінің өкілдері, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың басшылары, сондай-ақ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы Екібаева Жаннат Егізбайқызы, сол қызметтің инженері Құсайынова Ира және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Астана қаласындағы өкілдігіндегі қоршаған ортаны қорғау қызметінің инженері Калаулиева Мөлдір қатысты.



Алқа отырысы барысында барлық отырысқа қатысушылар табиғатты пайдаланушы ірі кәсіпорындардың 2012 жылы атқарған қызметінің негізгі қорытындылары мен 2013 жылға қойылған міндеттері бойынша дайындалған көрмесін тамашалады. Бұл көрмеде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік қызметі дайындаған жылжымалы ақпараттық стендтері де бой көтерді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы Екібаева Жаннат Егізбайқызы қоршаған ортаны қорғау заңдары талаптарының орындалып, экология бойынша көрсеткіштердің күннен күнге жақсарып келетінін, соңғы 5 жылдықта қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі жобаларға жұмсаған қаражаты 25 млрд. теңгеден асқанын көрме қатысушыларына баяндады.

Алқа отырысының екінші жартысында ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрі Нұрлан Қаппаров Министрліктің 2012 жылы атқарған қызметінің негізгі қорытындылары мен 2013 жылға қойылған міндеттері бойынша төмендегідей мәлімдеме жасады:

«Мемлекет басшысы мен Үкімет тапсырмаларына, сондай-ақ, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес, мекеме қызметі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаның ластану деңгейін барынша төмендетуге, сонымен қатар, «жасыл» экономика элементтерін ендіруге бағытталды».

Министрдің мәлімдемесі бойынша есепті кезең бойынша еліміздің экологиялық жағдайы біршама жақсарды деуге негіз бар. Өйткені, 2011 жылмен салыстырғанда ластаушы заттардың шығарындылары 1,3 пайызға, төгінділер 1,7 пайызға төмендеді. Бұған табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру, сондай-ақ, кәсіпорындардың экологиялық таза технологияларды пайдалану есебінен қол жеткізіп отырғаны белгілі.

Қазіргі кезде елімізде экологияның ең үлкен мәселелерінің бірі – өндіріс және тұтыну қалдықтары көлемінің өсуі болып отыр.

Өткен жылы республика бойынша 1 млрд. тоннадан астам қалдық жиналған болса, оның 244 млн. тоннасы кәдеге жаратылды. Бұл жоспарланған көлемнен 104 млн. тоннаға артық орындалып отыр.

Сонымен қатар, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңаша басқару құралы, қалдықтарды басқару бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама – жинақталған және түзілетін қалдықтарды азайту бойынша іс-шаралар жүргізуді көздейді.

Қазір елімізде 100 млн. тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдықтар бар. Осы мәселені кешенді әрі тиімді түрде шешу үшін Президенттің 2013 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығына сәйкес, тұрмыстық қатты қалдықтарды басқарудың жалпы саясаты Қоршаған ортаны қорғау Министрлігіне топтастырылған болатын.



*Суретте: Маңғыстау облысы бойынша Экология департаментінің басшысы – Алиев Д.Б., «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның қызметкерлері және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның ҚОҚ ж/е РҚ қызметінің басшысы – Екібаева Ж.Е.*

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ көрсеткіштеріне келетін болсақ, соңғы 5 жылда өндірілетін мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфералық шығарындылары 1,28 килограммнан 1,1 килограммға төмендеді. 2012 жыл бойынша атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірген мұнайдың бір тоннасына шаққанда, орта есеппен 1,1 килограммды құрады, бұл ең төмен жылдық көрсеткіш болып саналады.

2012 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша 20 мың тоннадан астам қалдық түзілген болса, оның 64% басқа ұйымдарға тапсырылды, 26% полигондарда орналастырылды, 6% өңделді, 1% уақытша контейнерлерге орналастырылды, 1% кәдеге жаратылды. Қоршаған ортаны қорғау заңдарындағы талаптарды орындау және қоршаған орта эмиссияларын азайту мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша 2012 жылы 16994 тонна мұнай қалдығы өңделді, бұл көрсеткіш полигондарда жинақталған мұнай қалдықтарын – 8,4 % -ға төмендетті.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің 2013 жылға бекіткен табиғатты қорғау іс-шаралары бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ көлемі - 40914 тонна болатын мұнай қалдықтарын өңдеуге тиісті. Осы мақсатта, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік қалдықтарды кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің көрсеткіштерін 2013 жылы көтеру мақсатында көптеген іс-шараларды қолға алды. Сонымен бірге, қордаланған қалдықтардың көлемін азайтып, оларды тиімді түрде кәдеге жаратуды ұйымдастыру мақсатымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мердігер мекемелерімен жан-жақты жұмыс жүргізуде. Компания бойынша 5 – 10 жылға арналған «қалдықтарды басқару бағдарламасы» дайындалу үстінде. Осы бағдарлама аясында, полигондарда жинақталған және жаңадан түзілетін қалдықтарды азайту бойынша нақты іс-шаралар жүргізуді көздейді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоғарыда көрсетілген көлемі – 40914 тонна болатын мұнай қалдықтарын 2013 жылы толықтай өңдеу мақсатында, жаңадан түзілетін мұнай қалдықтарын 100% -ға, ал полигондарда жинақталған мұнай қалдықтарын - 13% -ға төмендетуді көздеп отыр.

Өндірістік қалдықтарды сақтау және залалсыздандыру Қазақстандағы аса күрделі мәселе болып қалуда. Бүгінгі таңда, мұнай қалдықтарын қажетті деңгейіне дейін өңдеудің тиімді технологиясының жоқтығы біздің Компания үшін де күрделі мәселе болып қалуда.

Алайда, Қоршаған ортаны қорғау заңдарының талаптарын орындау мақсатында полигондарда жинақталған және де жаңадан түзілген қалдықтарды 100 пайызға өңдеу, залалсыздандыру және қайтадан кәдеге жарату іс-шараларын толықтай жүзеге асыру алдағы 10 жылдықта «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ үшін басты мақсат болып табылады.

**Құсайынова Ира Сақтаповна,**
**Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік қызметінің инженері**

## АНАШЫМ

**Өлеңі: Қ. Жұмағалиев;**
**Әні: М.Омаров**

Шет жүрсем - сағынарым,
Жабықсам – шағынарым.
Анашым бір өзіңсің –
Табынарым.

**Қайырмасы:**
Анашым, шалқып келсең,
Алдымда ұзақ жүрсең –
Жүрегім жыр толғайды,
Көңілім ортаймайды.
Анасы бар адамдар
Ешқашан қартаймайды.

Ұшырған сұңқарыңмын,
Қияға шырқарыңмын.
Бәйгеге өзің қосқан –
Тұлпарыңмын.

**Қайырмасы:**

Қорғаным - өзің деймін,
Жан дауа – сөзің деймін.
Анашым, сені ойласам,
Көз ілмеймін...

**Қайырмасы:**

**Гитараға арналған ән әуені мен аккордтары:**




Ән мәтіні, әуені мен гитаралық аккордтары http://guitar-.ucoz.net/blog/n_onerbaev_anashym/2012-02-25-46 сайтынан алынған

## ЭНЕРГИЯ ИСКРЫ




В связи с бурным развитием новых технологий, мы все больше и больше становимся зависимыми от электричества. Сегодня невозможно представить себе деятельность АО «Мангистаумунайгаз» без источников электроэнергии, без людей которые отвечают за бесперебойное и надежное электроснабжение производственных и социально-бытовых объектов компании.

Эксплуатацией, в том числе техническим обслуживанием и ремонтом электрических сетей АО «Мангистаумунайгаз» со дня своего образования – 1996 года - занимается ТОО «Мангистауэнергомунай». Данная организация является сервисной компанией АО «Мангистаумунайгаз», укомплектована обученными и квалифицированными кадрами в области электроэнергетики.

Руководящий состав ТОО «Мангистауэнергомунай»: директор Когашев Б., заместитель директора по производству Бигалиев К., управляющий директор по ПР и ТВ Косбаев Н., директор ПТД Кудабаев С. являются профессионалами своего дела, имеющими за своими плечами богатейший опыт эксплуатации объектов электроснабжения.

Большая и ответственная работа по обеспечению надежной и стабильной работы объектов электро- и тепло-снабжения лежит на руководителях и инженерно-технических работниках Энергетического отдела Производственного департамента, а также других структурных подразделении АО «Мангистаумунайгаз»: отделов главных энергетиков ПУ «Каламкасмунайгаз», ПУ «Жетыбаймунайгаз», инженерах-энергетиках БМТС ДЗиМТС, ДАВиСР, ОГЭ ПД. От их грамотного планирования, четкой организации и управления в основном зависит стабильная и надежная работа объектов энергетики.

Благодаря трудолюбию, упорству и слаженной работе ведущих инженеров-энергетиков ЭО ПД Шуринова Н., Калиева М., главного энергетика ПУ «Каламкасмунайгаз» Абдуова С., инженеров энергетиков Садвакасова Р., Косбаева И., Рзаханова С., Ажханова М., Уразалина А., Жайлаубаева Р., Алтаева Н., под непосредственным руководством главного энергетика АО «Мангистаумунайгаз» Имангазиева Н. удалось снизить количество аварийных отключении в электросетях.

Как известно строительство большинства объектов электроснабжения ПУ «Жетыбаймунайгаз», в том числе ПС-35/6кВ, воздушных и кабельных линии 6кВ, КТПН-6/0,4кВ было осуществлено в начале 60-х годов. В середине 90-х годов в связи с развалом СССР, нехваткой финансовых средств и другими причинами, перед Обществом встала проблема в необходимости замены морально и физически изношенных электроустановок и электрооборудования, отработавших свои эксплуатационный ресурс. К тому же увеличение ежегодных объемов добычи нефти и газа потребовало строительства новых ПС и ЛЭП, расширения действующих объектов электроснабжения. Лишь за счет грамотной стратегии и четко обозначенных целей энергетиков Компании удалось достичь желаемых результатов.

Согласно Плану перспективного развития, производственной программы и других мероприятий ежегодно АО «Мангистаумунайгаз» проводит работы по реконструкции, модернизации ПС-35/6кВ, РП-6кВ, КРУН-6кВ, капитальному ремонту ВЛ, КЛ и т.д. на сумму ориентировочно 600 млн.тг.

В рамках строительства объектов для утилизации попутного газа на месторождении «Жетыбай» в 2009 году были построены и введены в эксплуатацию две новые ПС-110/6кВ «Карагие» и ПС-35/6кВ «УСГ Жетыбай». При строительстве подстанции были применены элегазовые и вакуумные выключатели, микропроцессорные устройства релейной защиты и автоматики фирмы SIEMENS, отвечающие самым современным требованиям энергосбережения, надежности и удобства обслуживания.

Вместе с тем ежегодно выполняются работы по замене морально и физически устаревших блоков управления электродвигателей 0,4кВ станков-качалок на современные станции управления с микропроцессорным управлением, а также на частотные преобразователи. Производится замена КТПН-6/0,4кВ отработавших свои эксплуатационный ресурс на новые Казахстанского производства – АО «Кентауского трансформаторного завода», ТОО «РИГ» (г.Актау) и т.д.

Кроме этого, ежегодно проводится работа по замене дефектных опор ВЛ-6кВ, замене изношенных разъединителей РЛНД-10, работы по капитальному ремонту участков ВЛ-6кВ, кабельных линии 10; 6; 0,4кВ и т.д.

Должное внимание объектам тепло- и электроснабжения, которое оказывается со стороны руководства и акционеров АО «Мангистаумунайгаз» приносит свои плоды по обеспечению бесперебойного и надежного энергоснабжения производственных и социально-бытовых объектов компании с выполнением намеченных планов по добыче нефти.

**Абуов Космурат – главный энергетик ПУ «Жетыбаймунайгаз»**

# МҰНАЙШЫ АТАҒЫНА МЫҚТЫ БОЛЫҢЫЗДАР!

**Бір мамандықты таңдап, сол мамандығымен халыққа өмір бойы адал қызмет еткен адамдар көп-ақ! Алайда, олардың арасында өз мамандығына бала-шағасын, тіпті одан кейінгі ұрпақтарын баулып- үйреткендер кемде-кем. Біздің бұл мақаламыздың кейіпкері – Жақсығатов Мұратбай Жақсығатұлы, осындай отбасылық династиялардан. Ғұмырының жарты ғасырдай уақытын мұнай өндірісіне арнаған. Күні бүгінге дейін құрметті демалысқа шыққан Мұқаңа ақыл-кеңес сұраған жастар көптеп келеді, ақсақал олардың бетін қайтарып көрген емес.**





– Жетібайдан мұнай көзі табылып, мұндағы кент бірден кең қарқында дами бастады, – деп Мұқаң еске алады. – Мұнда бүткіл Одақтың түкпір-түпкірінен мұнайшы, бұрғышы, геологтар, механиктер ағыла бастады. Мен жұмысқа 1961 жылы мектепті бітірісімен кірісіп кеттім. Бірден бұрғышының көмекшісі қылып алды. Ол кезде жасым 17-де. Екі жыл жұмыс жасап, Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына оқуға түстім. Институтты бітіріп, Жетібайға қайтып келіп, мұнай мен газ өндіру кәсіпшілігіне оператор болып орналастым. Ол бір қиындау кезеңдер еді, адамдар жертөлелерде тұратын еді, жұмысты да беріліп жасайтын-ды. Алда үлкен міндеттер тұрған еді: адам өміріне қажетті әлеуметтік нысандар – мектептер, ауруханалар, балалар бақшаларын, мәдени мекемелер салу басты назарда болды. Ал сусыз-елсіз мекенде осыларды жүзеге асыру, әрине, оңай шаруа емес. Қиындықтарға мойымай, Маңғыстау жер астына алғаш түрен салушылар алға қарай жылжи берді, оның ғасырлар бойы ұйқыда жатқан қойнауын қайсарлықпен игере берді.

– Ол кезде топтық қондырғыларда тіпті электр тоғы да жоқ, – деп еске түсіреді ақсақал. – Дизель қондырғыларымен жұмыс жасайтын едік, күні-түні оның майы таусылып қалмауын қадағалап жүрдік. Бірақ та ешкім жағдай айтып, арызданып-шағымданып әлек болмайтын. Біздерді ортақ мақсат-мүдде біріктіріп, болашаққа сеніммен қарайтын едік.

Мұнайшылар қалашығы – Жетібай кенті де күннен-күнге көркейіп, аяққа тұра бастады. Тұрғын үйлер салынып, ауруханалар мен мектептер бой көтере бастады. Жетібай кеніші де даму үстінде болды. Осы кезде, 70-жылдардың бас кезінде жас маманды әскер қатарына шақырады. Ол әскери борышын Әзірбайжан мен Иран шекарасында өтеді. Әскерден кейін Мұратбай туған мекені Жетібайға оралды. Мекеме басшылығы оған «Жетыбайнефть» МГӨБ партия бастауыш ұйымына хатшы болуды ұсынады. Дәл осы кез жаңа Маңғышлақ облысының құрылып, алғашқы қадам жасай бастаған мезгілі. Жаңа облысқа сауатты, саяси ысылған жас мамандар қажет болды. Жас маман Мұратбай осы талаптарға сай келді. Хатшылық қызметте Мұратбай аға 10 жылға жуық жасады. Бұл жылдар нағыз ерлікке толы жылдар болды десек, артық айтпағанымыз болар. Алда күтіп тұрған жарқын болашаққа нық сеніммен, үлкен үмітпен қараған Мұратбай тиянақты, уақытпен санаспай, адал қызмет етті.

1982 жылы Мұратбай Жақсығатұлы өз мамандығына қайтып оралды. Ол мұнай мен газ өндіру кәсіпшіліктерінің бірін басқарды. Одан кейін өндірістік-техникалық бөлім бастығы болды, бас инженердің техника қауіпсіздігі жөніндегі орынбасары, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

Одан кейін, бәрімізге мәлім, елімізде түбегейлі өзгерістер басталды – бір кездерде атағы жер жарып тұрған Кеңес Одағы құлап, орнына бөлек-бөлек тәуелсіз мемлекеттер құрылды. Көптеген салалар құлдырап, әркім өз бетінше әрекет ете бастады.

1994 жылы Мұратбай аға «Жетыбайнефть» МГӨБ бастығы орынбасары болып тағайындалды. Бұл өндіріс үшін нағыз қиын кезеңдер еді. Қазақстан басшылығы алдында күйзеліске ұшыраған ел экономикасын, оның ішінде, мұнай мен газ өндірісін қайта қалпына келтіру мақсаты тұрды.



*Ақтау қ., 07 қараша 1978 ж.*

– Мен мекеменің әлеуметтік мәселелеріне жауапты едім, басшылық маған жұмысшыларды тамақтандыру, жаңа базалар мен ғимараттарды салу қызметін тапсырды, – деп есіне алады Мұратбай Жақсығатұлы. – Қолма-қол ақша жоқтың қасы, адамдар айлап жалақы дегенді көрмеген кездер болды. Сол кезде, мен совхоздарды аралап, олардың басшыларын малды тиімді бағаға сатуға көндіріп, одан кейін ол малдың етін жұмысшыларымызға айлық орнына бердік. Жалақыны ұнмен де, киіммен де берген күндеріміз болды. Сол кездер аса бір қиын кездер болды, бірақ халықта үміт бар, бәрін де жақсылыққа жоритын бір жағдайда едік. Сондықтан болар, жұмысты беріліп, ынтшынтымызбен жасадық.

Ғасырлар тоғысында Мұратбай аға өзінің бұрын жасап кеткен өндірістік-техникалық бөліміне қайта оралды. Көп ұзамай арнайы құрылған ұңғыларды жөндеудің технологиялық қызметін басқарды. 2010 жылы ақсақал құрметті демалысқа шықты. Бірақ оның тәжірибесі мен білімін әлі күнге дейін қажет қылатын уақыттар болады. Қазіргі таңда Мұқаң жас мамандарды техника қауіпсіздігінің қыр-сырына машықтап, үйретіп жүр.

Мұратбай аға бақытын отбасынан да тауып отырған ұлағатты ақсақал, ол 3 ұл мен 1 қыз тәрбиелеп өсірген ұлағатты әке. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, ұлдарының барлығы да әкесінің ізін басып, мұнайшы болды. Қызы да мұнай институтында оқып жүр. Көп жылдар бойы мұнай саласында Мұқаңның жары Айша апай да еңбек етті.

– Мен мұнайшылар отбасында өстім, – дейді Мұқаңның үлкен ұлы Қуанғали. – Сондықтан да мамандық таңдауда қиындық болған жоқ, әкеміз сияқты мұнайшы болуды шештік. Кішкентайымыздан әкеміздің мұнай туралы айтқан әңгімелерін қызығып тыңдайтын едік. Мұнай өндіру қысыжазы бір минутқа да тоқтамайды ғой. Мұндай қиындықтарға төзу үшін өжет мінезді, мықты рух иесі болу шарт. Ең бастысы – өз жұмысыңды жақсы көру керек, істеп жүрген ісіңнің қандай маңызды екенін ұғыну керек.

– Балаларым менің ізімді басқандарына қуанамын, – дейді Мұқаң. – Немерелеремнің де мұнайшы болатынына сенемін. Біздің отбасылық кәсібімізді лайықты жалғастырып алып кетеді ғой деп ойлаймын. Ғұмыр бойы жасаған жұмысыма мен разымын. Қызметімде абыройсыз болмадым. Мұнай саласы – халқымыздың игілігіне айналған сала.

Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» өзінің 50-жылдық мерейтойын атап өтпекші.

– Осы мүмкіншілікті пайдаланып, ардагер-мұнайшыларды және қазіргі жұмыс жасап жүрген мұнайшыларды осы мерейтоймен құттықтаймын! Барлық жақсылықты тілеймін! Жас мамандарға айтарым, біздің салып кеткен жолымызды абыроймен жалғастырып, Қазақстан мемлекетінің нағыз патриоттары болуыңызды тілеймін! – деп Мұратбай аға тілегін айтты.




*Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіподақтарының құрылтай съезі. 29.01.1992 жыл. Гурьев қаласы.*




# Сіз білесіз бе?

**«Мұнай» сөзі жер астынан атқылау деген мағынада айтылған.**

«Мұнай» орыс тіліне түріктің *neft* (түріктерге парсылардың *naft*) *сөзінен келген,* өз кезегінде семит тілінен қолданысқа алынған деседі. Акаттың *naptn* «мұнай» сөзі семиттің етістікті түбірі *npt* сөзінен (бастапқы мағынасы ақтару, атқылап шығару дегенді білдіреді) алынған.

«Мұнай» сөзі басқа да мағына береді. Мысалға, кейбір ақпарат көздерінде аккадтың *напатум «тұтану»*, «оталу», «жану» дегенін білдірсе, көне иранның *naft* – «ылғалды сұйықтық» мағынасын береді екен.

347 жылдан бері бірінші болып мұнай ұңғымасын бұрғылап бастаған қытайлықтар мұнайды *ши йоу* - «таудың майы» деп атаған екен, әлі атайды да. Американдықтар мен ағылшындар *petroleum* – деп дымқыл мұнайды айтады. Бұл да «таудың майы» деген мағынаны білдірсе керек. Ол гректің *petra* таулы, латынның *oleum* май деген сөздерінен құралған.

**Мұнайды ежелгі жануарлар мен динозаврлардан қалыптасты деп жүрген боларсыз?**

Мұнайшы мамандарға бұл таңқаларлық болып көрінуі мүмкін, бірақ, мұнай саласына қатысы жоқ көп адамдар мұнайды динозаврлар мен ежелгі жануарлардан пайда болған деп ойлайды. Шынында да мұнай - органикалық материалдардан (тірі ағзалардың сүйектерінен) қалыптасқан. Бірақ ол динозаврлармен салыстырғанда кіші ағзалар. Ғалымдардың пікірінше мұнайдың қалыптасуына бастапқы материал ретінде 90% фитопланктонды құрайтын теңіз жағалау маңындағы аймақтарды мекен ететін – планктон, яғни микроағзалар қызмет еткен.

**Бір кездері жанармайдың құны арзан болған...**

Мұнай саласын дамытуда мұнай өндірудің маңызды өнімі - керосин. Бұл жеңіл машиналар шығарыла бастағаннан бұрын болған. Ол кезде жанармайдың аса маңызды сұранысқа ие болмаған кезі. Жанармай биттерден тазарудың, майлы дақтарды тазарту кезінде еріткіш ретінде пайдаланылды. Негізі жанармайдың арзан болғандығы сонша, мұнай компаниялары оны өзендерге ағызып жіберетін болған.

**Мүмкін, Сіз мұнайды жер астындағы тереңдікте жатқан мұнайлы көл немесе теңіз деп ойлайтын боларсыз?**

Бұл да мұнай саласынан хабарсыз адамдардың шатасып айтқан ойларының бірі. Шынында жер қойнауында ешқандай мұнайлы көл немесе теңіз жоқ. Жер қабығы түрлі минералдық құрамнан тұратын тығыздықтағы тау жыныстарынан түзілген. Тығыздығы жұқа, өзіне қозғалыстағы флюидтерді қосып алатын қасиеті бар мұнай, газ, су секілділер – коллектор деп аталады. Мұндай мұнай сіңген коллекторлардан мұнай кен-орындары қалыптасады.

Естелік

*1950-1960 жылдары үлкен үмітпен жүргізілген барлау-бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде мұнай мен газ байлығының көп көздерінің барлығы анықталып, оның өндірістік болашағы мол екені ескеріліп, ауыр өнеркәсіп орындарын ашу қолға алынғаны белгілі. Жер қойнауындағы есептелген қазба байлықтарды тиімді әрі уақытында халық игілігіне жарату үшін «Маңғышлақнефть» өндірістік бірлестігін ашу жөніндегі ВСНХ-ның қаулысы шықты. Сол қаулының шыққанына биыл елу жыл толғалы отыр. Бұл Маңғыстау өлкесі байлығының ашылып, қалыптасып, өркендеп даму кезеңінің бастауы болды.*

*Бірлестік 1963 жылдың желтоқсан айынан бастап жұмысқа кірісіп кетті. Сол бастапқы ұйымдастыру кезден бастап барлық жұмыстардың басы-қасында, арасында болып, бірге іске арласқанымызды еске аламыз. Осы саланың сол кезден бүгінге дейінгі аралықтағы тарихы да, оған өлшеусіз еңбек сіңірген ұрпақ та, мұнайлы өңірдегі сан тарам жолдар да жақсы таныс. Сол кездері бірлестіктің ашылып, алға қарай қалыптасып аяққа тұрып кетуіне сүбегелі үлес қосқан басшы кадрлар, тұлғалар, еңбеккерлер көптеп саналады. Алғашқы ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген көптеген басшы кадрлардың басым көпшілігі, қазір бақи дүниеге аттанып кеткені өкінішті-ақ. Бүгінгі күнге жеткендердің қатарында Раев Адайбай Ержанұлы, Оржанов Табын Қапанұлы, Төлегенов Қалабай, Дүйсенғалиев Баймұрат, Асылханов Сәлімжан, Асылханова Роза, Семакина Екатерина Семеновна, Абдырзақов Ғазиз сияқты ардагерлер бар.*

*«Маңғышлақнефть» бірлестігінде аппараттың жұмысын ұйымдастыруды тиісті дәрежеде жүргізуге сол кездегі бастықтың орынбасары болған Балғымбаев Өтептің қосқан үлесі зор. Бірлестіктің әуелгі жауапты ұйымдастыру мезгілінде бірге жұмыстас болған кездерді еске алып, солардың бірі, бірегейі болған Өтеп Балғымбаев жөнінде ойда жүрген толғаныстарды сөз етсем деймін.*

# Фәни өмірден ерте өткен Өтеп Балғымбайұлы жөнінде ой толғанысы



Өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғы, алпысыншы жылдарының басында Батыс Қазақстанда мұнай мен газ кен орындарын іздестіру - бұрғылау жұмыстары кеңінен өрістегені мәлім. Әсіресе, Үстірттің оңтүстігі, Маңғыстау түбегінің Қызан, Түбежік, Құсайник, артынан Жетібай, Өзен, осылайша жалғастырыла береді. Жарты аралдың жерасты қазба байлықтарын іздеп табуға 1957 жылы құрылған «Мангышлакнефтегазразведка» («МНГР») тресі өшпес із қалдырды және мұнай мен газдың мол қорын ашып беруді біржола іске асырды. Ол мекеме ұжымы 1961 жылы Маңғыстауда Жетібай мен Өзен жерінен «Қара алтын» фонтанын атқылатты. Сол кезден-ақ Маңғыстау өлкесі үшін жаңа тарихи кезең ашыла бастады. Осыдан кейін барлық бұрғылау жұмысын еселеп көбейтуге Үкімет тарапынан міндет қойылды. «МНГР» тресі жүйесінде жаңа мекемелер бірінен соң бірі ашыла бастады. Соның нәтижесінде жұмыс орындары да көбейді. Қызметкерлер, маман кадрлар тым тапшылық келтірді. Бұрғышылар, бұрғышы көмекшілері, моторшылар, машинист, слесарь, дәнекерлеушілер, құрылысшылар, көлік жүргізушілері т.б. көптеген маман иелері Қазақстан аумағынан ғана емес бұрынғы одақтас республикалар аумағынан шақырылды. Ол кезде өндіріс орындары Совнархозға қарайтын мезгіл еді ғой. Біздер Актөбедегі Батыс Қазақстан өлкелік Совнархозға бағынышты болатынбыз. 1962-1963 жылдары Маңғыстауда жүргізілген барлау бұрғылау жұмысының нәтижесінде Шығыс Жетібай, Оңтүстік Жетібай, Теңге, Қансу, Асар, Қарамандыбас, Түркменой және т.б. көптеген мұнайгаз алаңдары белгілі болды. 1963 жылы есептелген мұнай мен газ қоры (запасы) анықталып, ол Мәскеуде қорғалып, бекітілді. Енді осы ұшан теңіз байлықты тезірек игеріп халық игілігіне жарату үшін өндіріс орнын ашу міндеті қойылды. Осы мақсатта 1963 жылдың қыркүйек айында Мәскеудегі Бүкіл Одақтық Халық Шаруашылығының жоғарғы Кеңесі - ХШЖК (Всесоюзный Высший Совет народного хозяйства ВСНХ) Маңғыстау жерінің қазба байлығын игеруді тездету жөнінде арнайы қаулы қабылдады (7 қыркүйек 1963 ж. №53/12). Онда «Маңғышлақнефть» мұнай бірлестігін (объединение «Мангышлакнефть»), тағыда қосалқы шаруашылықтар ашу жөнінде, сондай-ақ, материалды-техникалық жәрдем ету шаралары да белгіленді. Қаулыда көрсетілгендей, мұнай бірлестігінің тұрағы Ақтау қаласы болып бекітілді. Аталмыш қаулыға байланысты Қазақ ССР Министрлер Кеңесі (5 қараша 1963 ж. №884) мен Батыс Қазақстан өлкелік Совнархозы да сол жылдың 27 қарашасында №280 қаулысын жария етті. Онда Маңғыстау мұнай бірлестігінің басшы кадрлары тағайындалып бекітілген. Бірлестік бастығы болып - Чеплаков С.Ф., бас инженері - Смольников Н.В., бас геолог -Дурмишиян А.Г. бірлестік бастығының жалпы жұмыс жөніндегі орынбасары - Балғымбаев Өтеп Балғымбайұлы, жоспарлау бөлімінің бастығы - Сарбуфин Т.И., бас есепші - Раев А.Е., тағайындалған болатын. Сонымен, бірлестік бастықтарының көпшілігі Бакуден екені көрініп тұрды. Жұмысты бастап кету керек – ғимарат табу, банктен есеп-шот ашу, керекті мөр, штамп жасауға тапсырыс беру. Осындай барлық ұйымдастыру жұмыстарын бастап кету Балғымбаев Өтепке жүктелгені белгілі болды. Балғымбаев Ө.Б., Сарбуфин Т.И., Раев А.Е. үшеуі сол 1963 жылдың желтоқсан айында Ақтауға келіп жұмыстарына кіріседі. Қалалық кеңесі атқару Комитетімен келісе отырып қаланың шет жағынан бітіп тұрған барақ үйді (помещение) заңдастырып, аздаған жөндеу жасатқан соң бөлім қызметкерлерін орналастырады. Күнбе-күн көбі шақырумен келіп жатқан маман кадрларды жатақханамен, үй-жаймен қамтамасыз ету, орналастыру, тамақтандыру орнын белгілеу, балабақшаға орын алып беру және тағы басқа да әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу – бәрі Өтеп Балғымбаевтың жауапкершілігімен өз шешімін тауып жатты. Ол кісімен үш жылдай уақыт жұмыстас болған мезгілде, көптеген құнды эпизодтар болды ғой. Басқару, ұйымдастыру, тіл таласып еңбек ету мәселелері жөнінде үлгі аларлықтай қабілеттілігін көре қалдық. Әсіресе, көптеген қоғамдық жұмыстарды атқаруда ол кісіден «үлгі, сабақ алдық» -деп айтуыма болады. «Тек сол жайларды еске түсіріп, дұрыстап қағаз бетіне жазып, кейінгі ұрпаққа табыс етіп қалдырсам» - деген ой осы мақаланы жазуыма себеп болды.

Жоғарыда әңгімелегендей, алпысыншы жылдардың басы дүбірге толы болды ғой. Себебі, Маңғыстау түбегінде мұнай мен газдың фонтаны атқылап бүкіл Одаққа даңқы шығып жатқан кез. Алда тағы көптеген тапсырмалар жүктелді. Жер қойнауын қазуға, игеруге қомақты қаржылар бөлініп, жан-жақтан маман кадрларды жұмысқа шақырып жатқан кез болатын. Солардың бірі болып, мен де 1962 жылы Маңғыстауға, «МНГР» тресіне еңбек ақы экономисті болып жұмысқа келдім...

1964 жылдың маусым айы.

«Маңғышлақнефть» бірлестігі мені мамандығым бойынша жұмысқа шақырды. Мен ауысыммен келіп «еңбекті ұйымдастыру, еңбек ақы төлеу, кадр бөліміне» аға инженер болып орналастым. Менің бірлестік аппаратына жұмысқа шақырылуыма себеп болғаны - бірлестік бастықтары аппарат қызметкерлерін басқа жерден шақырылған адамдармен толықтырғысы келген. Оны түзеу үшін аппарат бөлімдеріне жергілікті ұлт өкілдерінен алынсын деген ұстаным болған. Жұмысқа орналасқан соң қоғамдық жұмыстар да күткеніміздей ішінара бөлініске түскені байқалды. (Мен де тиесілі үлесімді алдым, ол бөлек әңгіме-бұл жерде керегі жоқ). Ақтау ол кезде жаңа ғана өлкеге бағынышты қала атағын алған-ды. Қалада енді екі (гигант) мекеме болды: бірі, өзінің бөлімшелерімен ПГМК, ол кезде ол п/я 475 деп аталатын, екіншісі «Мангышлакнефть» бірлестігі. Ол да өзінің уақ-суақ мекемелерімен пайда болды. Қалада тәртіп сақтау жұмысына белсенді түрде қатысуға тура келді. «Ерікті халықтық жасаққа» (Добровольная народная дружина) мүше болып мекемелерде қызмет ететін барлық адамдар ерікті түрде кіре бастадық. Күнбе-күн, кешкілік кезекшілікке шығып, көшедегі тәртіптің сақталуын қадағалап жүрдік. ЕХЖ-тың жұмысы қоғамға жақсы нәтиже бергені соншалық, тәртіп сақтау жөнінде «Қоғамдық кеңес» - деген лауазым пайда болды. Бірлестік бойынша қоғамдық кеңес төрағасы болып Балғымбаев Өтеп бекітілді.

* * *

Ол кезде әрбір екі жыл сайын жергілікті кеңестердің сайлауы өтетін-ді. Өтекең екінші шағын аудандағы сайлау комиссиясының төрағасы болды. Орталық штаб №1 орта мектеп ғимараты (Директоры Ясень К.М.) болды. Біздерді сайлау науқанына қатысуға тартқан сол Өтекең болатын. Өтекеңнің ұсынысы бойынша мені «үгіт пунктінің меңгерушісі» етіп қалалық партия комитеті бекітіп жіберді. Сол жұмысты оншақты жыл атқарып, соңынан басқа кісіге тапсырып, әрең босағанымды қазір еске аламын. Қай жұмысты да Өтекең шын беріліп, бар ынта жігерімен, білгірлігімен, алғырлығымен атқарушы еді ғой. Шіркін, жұрттың бәрі осы Өтекеңдей еңбек еткенде «Нағыз Коммунизм таңы» атуы да мүмкін еді ғой деп мен ойлаймын.

* * *

Өтекең өте жаңашыл адам еді. Бірлестік ашылған күннен бастап бір жаңалық әкелу керек секілді көрінетін. Бір күні мені шақырып алып айтқаны: «Саған бір тапсырма бергім келіп отыр, басқа кісінің ыңғайы жоқ. Мұнайшылардың балаларын жаз айларында сауықтыру, демалдыру үшін пионер лагерін ашу керек. Менің ойымша теңіз жағасынан жер алып, сол жерге стационарлы пионер лагерін салу керек. (отчуждение земли для строительства пионер лагеря «Нефтяник»). Теңіз жағалауында Ақтау қаласынан 65-70 шақырым жерде, Форт-Шевченко қаласына баратын жолдың сол жақ бойында «Саура» деген жер бар көрінеді, Қызылөзен совхозының жері дейді. «Сол жерді бізге бер» - деп хат дайындап, сен барып қайт» - деді. Совхозға екінші рет барғанымда ғана Совхоз бастықтарымен әрең дегенде кездесіп, сөйлесіп қайттым. Совхоз қызметкерлерінің жалпы жиналысының қаулысын алып, Таушықтағы аудан орталығына бардым. Сол кезде аудан ауыл шаруашылық өндірістік басқарма (сельское производственное управление) деген атпен белгілі еді ғой. Әрең дегенде жер беру жөніндегі шешімді алып оралдым. Сол жылы-ақ пионер лагерін салу қолға алынды. Барлығы да ұйымдастыруға байланысты. Келесі жылдың (1965) жазында пионер лагерь бала қабылдауға даяр болды. Сол жылғы пионер лагерінің құрылысын жүргізуге белсене қатысып басшылық еткен мекемелер: НПУ «Узень» (Т.Айдаров – кәсіподақ комитетінің төрағасы); Өзен бұрғылау конторы (И.И. Осокин - бұрғылау басқармасы бастығының орынбасары); бірлестік аппаратынан Ө.Балғымбаев - бастықтың орынбасары; Б.Дүйсенғалиев - еңбек ақы бөлімінің аға инженері; С.Рахымбердиев бірлестіктегі кәсіподақ комитетінің төрағасы. Олардың тікелей ұйымдастырулары арқылы кептеген жұмыстар атқарылды. Келесі жылы үш ауысым бойынша мұнайшылардың 150 баласы демалуға қол жеткізді. Бірақ «Саура» жері пионер лагерь болуға қолайсыздау болды. Себебі теңіз суы өте салқын, әрі терең, балаларға көп суға түсуге болмайды, су астынан ағыс жүретін жер екен, сол себептен, келесі жылғы пионер лагерін теңіздің арғы бетінен Ставрополь өлкесінің Кисловодск, Пятигорск маңынан ашуға мүмкіндік жасалды. Алғашқы бірлестік құрылған уақытта (1963 -1964 жж.) кейбір бөлімдер штат саны жағынан шектеулі болды. Себебі, негізгі жұмыстарды жолға қоятын бастапқы кез еді. Мысалы, еңбекақы, жалақы төлеу бөлімінің штатында кадр қызметкерлері қаралған болатын. Соңынан, Совнархоз таратылған соң (1965 жылдың екінші жарты жылдығында) кадр бөлімі өз алдына бөлім болып белгіленіп, бастығына бұрын қалалық партия комитетінде жұмыста болған Жанбуршин Алым бекітілді. ХШЖК-нің «Маңғышлақнефть» бірлестігі жөніндегі №53/12 қаулыда мынадай тармақша болды:

«Жаңадан құрылған «Манғышлақнефть» бірлестігіне келешек кадр даярлау және орналастыру мәселесін тиімді шешу үшін мынадай жеңілдіктер: мектептерді тек қазақ тілінде бітірген байырғы (тұрғылықты) халықтардың балаларына болашақ жоғарғы оқу орнына түсу үшін ілгері дәрежедегі жоғарғы оқу орындарында даярлық курстарынан өту қарастырылсын».

1964 ж. - 50 балаға (2 топ) Уфа Мұнай Институты жанынан, 1965 жылы - 125 балаға (5 топ) - Қазақ политехникалық институты жанынан білім алу қарастырылған болатын. Сол қаулының орындалуын бақылап отыру еңбекті ұйымдастыру, еңбекақы төлеу, кадр бөліміне (Костин Н.Г.) жүктелді. Тәлімгеріміз, әрине, Ө.Б. Балғымбаев болғаны мәлім. Сол бастапқы кезде талапкерлерді көрсетілген институттарға апарып орналыстыру, шарт жасасып, ұйымдастырып қайту маған тапсырылған-ды. Бірінші 50 баланы Уфа қаласындағы Мұнай институтына орналыстырып қайттым. Бұл 1964 жылдың желтоқсан айы болатын. Келесі жылы 125 талапкерді Алматыдағы Қазақ политехникалық институтына орналыстырдық. Онда көптеген кедергілер болды. Оны өте қиындықпен шешкеніміз қазір күлкі секілді. Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіп бөлім меңгерушісінің орынбасары Сағынғалиев Белекбай мен Қазақ ССР Министірлер Кеңесіндегі ауыр өнеркәсіп бөлімінің референті Шалабаев Саламат Әмірұлы тараптарынан біздерге аса көңіл бөлініп, сол кісілердің арқасында ғана мәселелер дұрыс шешімін тапқаны белгілі.

Бірде жұмыста отырғанымда «Өтеп Балғымбайұлы шақырып жатыр» - деп хабар берді хатшысы. Барсам кабинетінің іші көк түтін, терезе ашық, өзі темекіні өте көп шегетін-ді. Маған: «Отыр» - деді. Мен отырдым. «Сен Беріш көрінесің, Көтенді білесін бе?» - деді. Мен: «Түсінбедім?» - дедім. «Беріштердің ішінде Көтен деген атасы бар, сен соны білмейсің бе?» - деді. Шынын айтсам, мен ондай атасы барын бұрын соңды естімеген едім. Ол Қаратоқай Беріштің Есболайдан тарайтын екінші баласының аты екен. Өтекеңнің анасы осы Көтен атасынан тарайтын бір кісінің қызы болса керек. Нағашы жұртын мені біле ме деп сұрастырып отырғаны екен. Мен білмейтінімді айтқанда: «жақсы, осы маңнан Көтен Берішті кездестірсең маған айтарсың, жүре бер», - деді. Мен бұл әңгіме жөнінде бірлестік аппаратында техника қауіпсіздігі жөніндегі бөлім бастығы Қаратоқай Беріш Ұттыбаев Рысбайға айтып едім, ол: «Ой, көп мылжыңдамасыншы» - деп ештеме айтпады. Соңынан анық болғаны Рысбайдың өзі сол Көтен атасынан тарайтын ұрпақ екен.

Жұмыстас болғасын әртүрлі жағдайлар болып тұрады ғой. Бір күні бірлестік бастығының қабылдауында отыратын хатшысы Костина Л.А. (ол бастауыш партия ұйымының хатшысы) жұмыста көңілсіз жылап отырды. Маған сырын айтты: оның күйеуі Костин Николай Георгиевич, менің бастығым - еңбек бөлімінің бастығы болатын, олар сенбі күні аң аулауға кетіпті. Балғымбаев Өтеп, Костин және көлік жүргізушісі бар топ сол күні оралмайды. Дүйсенбі жұмысқа да келмеген, көліктері су жаңа, не болғаны белгісіз. «Аман болса болар еді деді» - деп сол бойда бастықтарға айтып, жол білетін, аң аулау білетін кісілерден құралған адамдарды іздеуге жібердік. Арты, Құдайға шүкір, оңынан болып, оларды тауып, кері оралды ғой. Сенімді деген көліктері аздаған ақау білдіріп, кідірістеп қалыпты. Алдағы уақытта ондайға бармасқа уәде беріп жатыр ғой. Бірақ олар аңшылыққа баруларын доғарған жоқ. Екінші аңшылар легі де пайда болды. Оны бірлестіктің құрылыс жөніндегі орынбасары Гибизов Петр Александрович басқарған-ды. Олар да арасында жоғалып кетіп, бірақ түбі қайыр болып жүрді.

*(Жалғасы бар)*

**Еске алушы**
**Дүйсенғалиев Баймұрат**
**бұрынғы бірлестік аппаратында жұмыс істеген.**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құрметті зейнеткері.**

Сұхбат

# БЕКЕТ АТАҒА ХИУАДАН МҰРАЖАЙ-БӨЛМЕ АШЫЛДЫ



*Маңғыстау десе – «Пір Бекет» дейтін қазақ үшін, киелі мекендегі Алланың сүйікті ұлы, халық батыры, абыз-көреген, ағартушы, сәулетші – Бекет Мырзағұлұлының орыны ерекше. Бекет атаға Хиуада өзі оқыған Шерғазыхан медресесінде 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап мұражай-бөлме ашылған болатын. Бұл мұражай бөлменің ашылуының артында қыруар шаруа мен ұрпаққа ұлағат болар ұлы істің жатқаны анық. Сол шаруаны Хиуаға сан рет сапар шегіп шешіп, бүгінде Бекет ата есімін Алла атымен өзге ағайындарға, сол жерге келетін туристтерге таныстыру мақсатында ашуға тікелей жұмыстанған Қырлыбек Өтетілеуовті әңгімеге тартқан едік.*

**Тілші: Хиуадан Бекет атаның мұражай–бөлмесін ашу үшін мұрындық болып, 17 рет жол тартыпсыз, нәтижесі қуанышты екен, тағы қандай жаңалығыңыз бар?**

**Қырлыбек Өтетілеуов:** Хиуада Бекет атамыз оқыған Шерғазыхан медресесінде, Бекет ата Мырзағұлұлына мұражай бөлме ашуға «мұрындық болдым» деп есептемеймін. Мен сол істі өзім ойлап, тиісті орындарға ұсыныс жасап, өтініш нәтижесінде ашқан адаммын, әрине аталарымыздың өздерінің қолдауымен. Мұрындық болғандар маған көмектескендер деп ойлаймын.

Қазіргі күні мен осы шаруамен Хиуаға 20 рет барып келгенімді, паспортымдағы шекара белгілерін санап біліп отырмын, неше рет барсам да негізгі шаруа Бекет атамыздың оқыған оқу орнында мұражай бөлменің ашылуы, яғни, Алла жар болып, Бекет Ата өзі қолдады деп есептеймін. Бір істің болса да біткеніне өте разымын.

**Тілші: Бұл шаруаға бет алуыңыздың себебі неде еді?**

**Қырлыбек Өтетілеуов:** Елде дінге қатысты жағдай тұрақсыздау, дін 2006 жылдары елімізде сала - салаға бөлініп бара жатырғанынан қорқып, Бекет атамыздың оқыған оқу орнынан қай салада оқығанын анықтайын деп, еңбек демалысымды алып, Хиуаға жүрдім, жолда Нөкіс қаласында Қарақалпақ елін 30 жыл басқарған Камалов Қаллыбек ағаға бұрынғы таныстығыммен сәлем беріп, жайды айттым, ол кісінің көмегімен 2009 жылы 23 ақпанда Хорезм валаяты (облысы) әкімінде болып мәселенің шешілуін қамтамасыз еттік.

Бірінші барғанымда Бекет атамыздың ұстазы Бәкіржан бабаның жетінші ұрпағы марқұм Реджепбай ағамен танысып, баласы араб тілінің маманы Назарбаймен (1964 ж.т) бірігіп жұмыс жасауға батасын алдым.

Хиуадағы Шерғазыхан медресесіне барғанда сол оқу орнын бітірген, түркмен елінің перзенті Махтымқұлы пырағына, бір бөлме мұражай жасақталғанын және Қарақалпақ елінің ақыны Әжнияз Қосыбайұлына (бұл кісі де аталған оқу орнын бітірген) бір бөлмені мұражай етіп жасақтағанын көріп, осы оқу орнын үздік бітірген Бекет Атамыз ескерусіз тұрғаны ойыма келді. Хиуадағы тиісті орын басшылары Батыр аға, Камилжан Құдайбергенов және ұстаз ұрпағы Назарбай інілеріммен ақылдасып, мақұлдасып осы істі бастадым.

Бірінші сұраған құжаттары Маңғыстау облыстық имамынан осы іске көзқарас хат болды, бұл хатты 2007 жылы имам Дүйсен қажы Қоснияз баспасөз хатшысы М. Себасов екеуі дайындап берді.

Екінші сұрағандары Хорезм валаяты (облысы) әкіміне Маңғыстау облысы әкімінің хаты болды, бұл хатты алу өте ұзаққа созылды, өлкетану мұражайының қызметкері Отыншы Көшбайұлы ағамызға бұйым салып едім, мәдениет басқармасы бастығы Майра Ғұмарова көмектесіп, мәтінін Қарақалпақ ағамыз Камалов Қаллыбек дайындаған, діни бөлімін Марат Себасов қосқан хатты 2009 жылы 20 қаңтарда алдым.

Хорезм валаяты (облысы) әкіміне Қаллыбек Камалов ағамыздың көмегімен 2009 жылы 23 ақпанда кіріп, хатты тапсырып, жергілікті әдет ғұрып негізінде баталасып келісімге келдік. Осы атқарылған жұмыстың нәтижесі.

**Тілші: Атаның дипломын іздеп жүргеніңізді айтыпсыз?**

**Қырлыбек Өтетілеуов:** Дипломын әлі тапқаным жоқ. Іздестірудемін. Дипломды «сисалла» деп атайды екен. Сисалланы тапқан кезде атаның қандай жолда болғандығы белгілі болады. Сұрау салуымыз бойынша, тапқан ақпаратымыз атаның 12 пәннен үздік бітіргені белгілі болды. Бұл ақпаратты «Ишан қала» кешені басшысының ғылыми істері жөніндегі орынбасары Кәмілжан Құдайбергенов көмектесті. Оны Ә. Науаи атындағы қолжазбалар мұрағатынан тапқан.

**Тілші: Төртінші мешітін іздеу үшін қазан айында Қарақалпақстанға жоспаралаған сапарыңыз сәтті болды ма?**

**Қырлыбек Өтетілеуов:** Қарындасым, өзіңізге белгілі, Бекет атамыздан жазбалай қалып, қолымызға тиген ештеме жоқ, себебі, менің көзім жеткені, ізденіп, іздеп, зерттеумен айналысып жүрген ешкім жоқ. Ұстазының қолжазбасынан табылған Бекет атамыз жөніндегі жазбаша пікірлер мезгілінде баспасөзде тиісті орнын алып, жарық көрді. Ал кітаптары, өзінің жазулары (орыс жиһангері 1840 жылы жазған А. Эверсман) Арал теңізінің жағасында орналасқан мешітінде болуы керек деп ойлаймын, себебі, ол мешіт басқа мешіттерге қарағанда, сол кездегі кітаптары көп жер, Орталық Азияға жақын. Менің жеке жоспарымның бір тармағы, сол мешітті іздеу, табу, әзірге іске аспай тұр.

**Тілші: Хиуада ашылған мұражай бөлмеге экспонаттар жинақтау қиынға соғып жатыр ма, әлде көмек қолын созып жатқандар бар ма? Ол жақта ары қарай мұражайды ұстау, оған ие болу жұмыстары қалай болмақ…**

**Қырлыбек Өтетілеуов:** Әрине оңайлықпен біте қоймайды, бірақ аса ауыр болып тұрған жоқ, себебі Алла қолдап, ата көмектесуде. Менің басшыларым, менің Хиуаға барып келуіме рұқсатты мезгілімен беріп отырды. Олар: Р. Т. Мустапаев, О. Д. Қазақбаев, Т. К. Хитуов, М. Н. Молдағұлов. Бұл азаматтардың жұмыстан рұқсат бергендері бір төбе үлкен көмек. Облыс әкімдігі ішкі саясат басқарма бастығы (сол кездегі) қазіргі Маңғыстау ауданының әкімі Ж. Қ. Айтуаров ініміз тұрақты көмек көрсетумен келеді, шексіз разымын, Алла разы болғай, Бекет ата қолдағай.

Мұражай бөлме - Хиуа қаласындағы «Ичан кала» қорық-мұражай мемлекеттік мекемесіндегі Шерғазыхан медресесінің бір бөлмесі, аумағы 50м² құрайды.

Бекет ата мұражай бөлмесіне жаңадан ашылғандықтан ерекше көзқарас керек. Жәдігерлер жетіспейді, Бекет ата жөнінде жазылған кітаптарды (авторлар қолтаңбасымен) тұрақты апарып тұрмын. Менің кітаптардан басқа апарған жәдігерлерім атамыздың ұрпағы Бердіхан Аяпбергенұлындағы «асасының» көшірмесі (макеті) темірден дайындаған жергілікті токарь Қараш Жаңбырбайұлы Шағыров. Қазақ киіз үйінің көшірмесін (макетін) дайындаған Қарақалпақ шебері Нұрман ініміз Шымбай қаласында тұрады. Ақтаулық азамат Досбанов Жаңбырбайдың берген майлы бояумен салынған, Бекет атамыздың Оғландыдағы мешітінің суреті.

Мұражай бөлме аталған мемлекеттік мекеме меншігі тиісті күту, сақтау, байыту жұмыстары сол мекеменің жарғысына сай атқарылуда. Дүниенің төрт бұрышынан келіп-кетіп жатырған туристтер сол жерде Шығыс зиялыларымен бірге, біздің атамыз-Бекет ата Мырзағұлұлы өмірі және әулиелік қасиеттерімен өткен 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап танысуда. Мен бұл мұражай бөлменің ашылуымен бір елдің екінші елге әскер күшін қолданғаннан бұрын дипломатиялық қарым-қатынасты нығайтып, мезгілі келгенде білім, ғылым, өнер мәңгілікке жеңетінін барлық адамзат баласының түсінуіне жеткізгім келді. XVIII-XIX ғасырларда ат ойнатып, әскер күшін қолданған Хиуа ханы ордасында Маңғыстаудың сол кездегі ұрпағы, өз білімінің арқасында, АЛЛА берген қасиетімен өз отауын тіккенінің салтанатына куә болғанын, барлық туристтер түсінгенін қалаймын.

**Тілші: Бұл шаруада кімдер көмек қолын созды, әліде болса көмектесемін деген азаматтар болса кімге жолығуы керек?**

**Қырлыбек Өтетілеуов:** Бұл шаруада қаржылай тұрақты көмектесіп тұрған туған ағам Темірбек Қылышұлы Өтетілеуов, «Мағаш» фирмасының қожайыны Сауғабаев Айтжан. Рухани тұрақты қолдау көрсетіп отырған әкемнің әкесі марқұм Өтетілеу Өтемісұлы, ата - анамыз Өтетілеуұлы Қылыш, Өтетілеуова Ару, жанұямның мүшелері, ұжымдас жолдастарым, рулас інім облыстық мәслихат депутаты Бейнеулік Борашов Раббім көмектесті. Қасымда жол - жолдас болған інім Қаракүшіков Шохан Күзембайұлы болды .



Өзбекстан мемлекетінде ішкі тәртіп өте жақсы, сондықтан 2008- 2009 жылдары мен Әбіш Кекілбаевтың 70 жасқа шығуына байланысты сыйлыққа ағаш үйдің (сүйегін) ағашын іздеп жүрген болдым, себебі, Бекет Атамызды тек дін адамы деп есептейтіндер менің жүрісіме күдікпен қарайтындар көпті. Бақыт Бозжігітұлы ағамыздың сұрауымен Қарақалпақстан жерінде Шымбай қаласындағы ағаш үй жасайтын шеберге бардық, әрине, ол шеберді ағамыз бұрыннан біледі, мен өз көлігіммен жүргізуші болып апардым. Сапарымыздың бір күнін Хиуа қаласын көріп, аралауға арнадық және мен өз жоспарымды Бақыт ағамызға таныстыруды ойлаған едім. Жүрісімізді жоспарлаған да «Ичан кала» қорық-мұражай кешенін аралауға екі сағат бөлінді. Ертеңгі сағат тоғыздан бастап аралап, онбірде жүреміз деп жиналғанда, Бақыт ағамызбен жүрген Зулфия жеңгеміздің орысшалап «мынадай киелі жерде тұрып намаз оқымай қара» - деп айтқан әңгімесін естіп, сол жердегі салынған құрылыстар сәулетінің өзі адамға ислами көзқарас, рух, сезім беретінін байқап, ол жақтағы адамдардың имандылыққа жақын жүру себебін тапқандай болдым. Өзара келісіміміз бойынша мұражай бөлменің жасақталуына толық жасауымен қазақтың бір ағаш үйін тігіп беруіміз керек, «Информационная киоска» деп аталатын компьютерлік қондырғы алып беруіміз керек, Қарақия ауданының әкімі Даулыбаев Әділбек Құлынтайұлы ініміз Бекет атамыздың Оғландыдағы мешітінің көшірмесін (макетін) өлшемі ұзыны 100 см, биіктігі 70 см, ені 50 см жасап беруге келісім бергендей болған. Алғашында айтқан уәдесінен тайдыма, әлде білмедім, әлі күнге дейін орындаған жоқ. Алла алдында, Ата алдында, тіпті, өскелең ұрпақ алдындағы сауапты іске салғырт қарағанына түсіне алмадық. Ал Мұнайлы ауданының әкімі Әбілов Елубай Жақайұлы ініміз Маңғыстаудың әдемі, әсерлі табиғи орындарының 5 түрін өлшемі келісілген, сол мұражай бөлме үшін жасатам деген уәдесіне тұрды. Ол кісіге алғысымыз шексіз. Уәдесінде тұрған азаматтығы үшін ғана емес, парыз етіп атқарған игі септігі үшін. Өлкемізге белгілі шебер, Әлиев Ермұханбет Амандықұлы ініміз, өз қолынан шыққан домбыраны ескерткішке ұсынатынына уәде беріп, олда өз борышын өткерді. Айтқанын екі етпей нағыз тарихи құнды домбыраны 18 ғасырға лайықтап жасап, табыс етті. Өте жүректен шыққан жұмыс болды деп есептеймін. Физик ғалым Б. Дүйсенбаев деген азамат Е. Бекмахановтың құнды «Қазақстан тарихы» кітабы мен көмектесуі де үлкен шаруа деп есептеймін. Осындай шаруалар бүгінгі күнге дейін тоқтаусыз атқарылуда, әлі күнге дейін сол мұражай бөлменің жәдігерлерін толықтырып, мазмұнын байытуды мақсат етіп келемін.

Ал қолымыздағы ең құнды Бекет атамыздың өзінің ұрпағы Аяпбергенұлы Бердіхан ініміздегі Көк Аса көшірмесін шұғыл апару себебім, басқа біреулер атамыздың асасы менде тұр деп дақпырт айтып жүр, сондықтан, атамыздың өз асасының көшірмесін кешіктірмей апарайын деген оймен бұл іс жылдам атқарылғанды.

**Тілші: Былтыр әңгіме барысында «Өзіміздің еліміз Маңғыстауымыздың өлкетану мұражайында атамыз Бекетке арналған 5м² орын жоқтығы көңілге келеді екен» деген ренішіңізді білдірген едіңіз, бұл істе қозғалыс барма?**

**Қырлыбек Өтетілеуов**: Сондай реніш білдіргенім рас, осы шаруаның басы қасында жүргеннен ғана емес, Ата әруағы қонған киелі мекен екенімізді айтып мақтанғанда, Ата атымен жарнамалағанымызда алдымызға жан салмаймыз, шеттен келген ел табан тірейтін орталық мұражайдан орын таба алмағанымыз өкінішті еді. Алайда, бұл мәселе де Алла сәтімен шешімін тауып жатыр. Мәдениет басқармасы қолға алып, шешімін тауып жатырғандығы, айналысып жатқандары қуантады. Бүгінде осы істің сәтті игілігін көру үшін экспонаттар жинап жатырғанын біліп қуанып отырған жайым бар.

**Тілші: Тағы да қандай ойыңызға алған жоспарыңыз бар?**

**Қырлыбек Өтетілеуов**: Жоспар – атамыздың қолжазбаларын іздеу, жоғарыда айтылған мешітін табу т.б. жұмыстар бар, қашан осындай нәтижеге жетпей тұрып, пәлен-түген деп әңгіме айту, менің жаратылысымда жоқ. Осы мұражай бөлме ашылғанша жазамын дегендерге, сұхбат сұрағандарға жауап беруден бас тартқанмын, бір жоспар Адай елінен елдік мәселемен барған кәкелерімізді анықтау және сол оқу орнын Адай елінен т.б. кімдер оқығанын анықтау. Біздің еліміз жаппай сауатсыздар болды деген тұжырым - сауатсыздар тұжырымы екенін дәлелдеу.

Барлық елдің Атамыз жөніндегі жағымды жаңалықты біліп жүруі үшін жасап жатырған ісіңіз оң болсын. Барлық оқырмандарыңызға дұғай сәлем, бұл біткен іс сауапты іс деп ойлаймын, сауабын Алла тағала өз басыма, жанұяма, ата-ана, тумаластарыма барлық Маңғыстаулықтарға және қазақ баласына жазғай деп тілеймін. Алла жар болғай! Бекет Ата қолдағай!

**Сұхбатыңызға рахмет!**

*«Ақкетік арайы» газетінен*

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

**Лобов Анатолий Васильевич** –
2 наурыз, МАжӨЦ, технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі
**Мақанов Балабай Напасұлы** – 7 наурыз, ҚҚ, инспектор
**Өтегенов Бекібай** – 19 наурыз, МЛТЖТУ, тазартушы
**Кожанов Юрий Даражатович** – 24 наурыз, ПҚЖПЦ, слесарь-жөндеуші
**Шалабаев Аққожа Темірбайұлы** – 25 наурыз, МГӨБ-2, 1-санатты мұнай және газ өндіру инженері
**Құлжанов Балғабек Жаңбырханұлы**– 28 наурыз, ҚҚҰЦ, қабат қысымын ұстау операторы

## 55 жас

**Қуанбаева Шынар Әлекешқызы** – 5 наурыз, ҒЗӨЖЦ, химик
**Нұрбосынова Сағила Күбірбайқызы** – 5 наурыз, ТҮПЦ, жатақхана меңгерушісі
**Айболатова Жазық Жолдасқызы** – 7 наурыз, ЖСҚКУ, химсутазарту аппаратшысы
**Айтқұлова Алтын Бердімұратқызы** – 8 наурыз, ОИТҚ, ауысым бастығы
**Жанғалиева Мәриям** – 22 наурыз, ҚҚҰЦ, жұмысшы агентті қабатқа айдайтын сорап стансасының машинисі
**Қазтұрғанова Нарзангүл** – 29 наурыз, ҒЗӨЖЦ , ұңғымаларды зерттеу операторы

## 50 жас

**Ескендірова Алтынгүл Асабайқызы** – 1 наурыз, МжМӨД, құю бекетінің операторы
**Бекбосын Жәнібек Әмірұлы** – 6 наурыз, МГӨБ-3, мұнай және газ өндіру бойынша ауысым инженері
**Асқаров Телағыс Ермекқалиұлы** – 7 наурыз, ҚҚ, диспетчер қызметінің операторы
**Аяп Аманжол Тегісқалиұлы** – 14 наурыз, САжМТЖД, кран машинисі
**Қасенова Гаухар Бейсенғалиқызы** – 15 наурыз, ТҮПЦ, үй күтушісі
**Тәжіғариева Маржан Бақтықызы** – 16 наурыз, ККД, 1-санатты жобалау-инженері
**Сауытбекова Бақтылы Мақсымқызы** – 17 наурыз, ҚД, 1-санатты есепші
**Оралбаев Бисенбек Рахметұлы** – 20 наурыз, КД, көлік жүргізушісі
**Салыев Берікбай** – 20 наурыз, САжМТЖД, слесарь-жөндеуші
**Абдрашева Гуляйда Халелқызы** – 22 наурыз, САжМТЖД, қоймашы
**Ақболат Жазира Шамшадиқызы** – 30 наурыз, ТҮПЦ, кастелянша

# Қаламқас

*Қаламқас мекен - жусаны сирек сор далам,*
*Теңізі толқып, шағала жырын толғаған.*
*Ер жүрек ерлер кеткенде жауға атойлап,*
*Мекенді осы Қаламқас апа қорғаған.*

*Қорғаны болған үрейдің бұлты жауғанда,*
*Күзеті болған ауылға ымырт ауғанда.*
*Бойына біткен даналық, қайрат, қайсарлық,*
*Ықпаған тіпті тосыннан шапқан жаудан да.*

*Батырлар кеткен жау қуып мініп айбарға,*
*Елінде қалған шарасыз жан да жай бар ма?!*
*Қаламқас батыр ауларын салып теңізге,*
*Аң қуып жыққан қаздырған терең сайларға.*

*Тіреуі болған ошаққа мосы құлаған,*
*Сипаған басын жетімнің сауап сұраған.*
*Көтере мініп Ерліктің биік шоқтығын,*
*Үзілер әнін өлкемнің жалғап құраған.*

*Еліне деген елжірер ұлы сезіммен,*
*Қиналған шақта жеңіске жеткен төзіммен.*
*Халқының қамын ойлаумен жүріп шіркін-ай,*
*Түбекте осы мәңгіге шіркін көз ілген.*

*Сан ғасыр өтті шырмауық гүлдей маталған,*
*Жылдары болған араша елге шаталған.*
*Заманнан сол бір тарихта қалып батырлық,*
*Мұнайлы өлке «Қаламқас» солай аталған.*

# Мұқағалиға

*Қарасаздан қалам ұштап, қуған қиял қыр басын,*
*Жырға қосқан туған жерін және Шәміл құрдасын.*
*Алматының Алатауы шарықтатып шабытын,*
*Шумағына шуақ берген Фариза қыз, жыр-Қасым.*

*Таза нәзік сезімдерден құраған сан өлеңдер,*
*Әуеніне таң оянып, сазына түн елеңдер.*
*Табиғаттай тынысымен бақыт шашар баршаға,*
*Мұқағали-дарын, ақын, әрі заңғар кемеңгер.*

*Маржан сөзі тағындырған жыр-сұлуға сырғасын,*
*Қаламы да жүйткір қуып мөлдір бұлақ жылғасын.*
*Шыңдарына туған жердің шалықтаған қырандай*
*Жер-Анамыз әлдилеген ұлы ақын тұлғасын.*

*Жырларына түнған толып қазағымның бар құты,*
*Жүрегінен жіп есіліп, шыққан жібек барқыты.*
*Дарынына данышпанның тағзым етіп, бас иген,*
*Ақындардың ақыны тек «Мұқағали сарқыты»*

***Таңбаев Қанат Бақтыбайұлы,***
***1-бригада, ҚМГ операторы , МГӨК - 2***

# МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ

### *Өш алатын немере*

Көп кісілер жиналып отырғанда, қарттар немерелерін мақтай беріпті.

- Немере деген тіпті тәтті болады екен - деп қауқылдасып, нәрестелерін көкке көтереді.

Сонда Жомарт:

- Немерелеріңді мақтап, жақсы көрулерің дұрыс, себебі ертең балаларыңнан сендердің өштеріңді алып беретін солар ғой - депті.

### *Өтек үшін*

Жомарт үлкейіп, бала-шағалы болған кезде, балалары одан сұрайтын көрінеді:

- Папа, сен неге мамаға үйлендің? – деп.

Сонда Жөкең жан-жары Моншаққа қарап жымиып қойып, былай депті:

- Мен әуелден-ақ офицер болатынымды білдім. Ал офицердің киімі - көйлегі, кителі, шалбары әрдайым өтектеулі болуы керек. Мына Моншақ деген қыздың үйінде керемет бір өтек болды, сол үшін үйлендім ғой оған, - деп күледі екен.

### *Енді ЖенПИ-ді бітір*

Бір шенеунік жігіт жұмыста өсуді армандап, бірнеше оқуды бітіріп, диплом жинай берген. Әуелі педагогикалық білім алған екен, содан кейін ауылшаруашылық, мұнай, жоғарғы партия мектебі, тағы-тағы оқулардың қатты қағаздарын иемденіпті.

Соған бірде Темірхан Смағұлов былай депті:

- Сенің қазір бір жетпестігің бар.

- Не?

- Енді ЖенПИ-ді бітіріп алсаң, еш кемістігің болмайды, сол жетпей тұр саған.

### *Әлім келді*

Бір келіншек үйдің алдын жинастырып, үлкен томарды ығыстырайын десе, күші жетпей жатқан еді. Даладан бір қайнағасы келген. Содан сәлем етіп:

- Мына бір томарды домалатайын деп едім, әлім келмей жатыр - депті.

- Мен келіп тұрмын ғой, қарағым - депті қайнағасы. Сөйтсе, қайнағасының аты – Әлім екен. Келін ұялғаннан үйге зып етіп кіріп кетіпті де, қайнағасы күліп, томарды домалатыпты.

### *Әке мен бала*

Бір үйдің әйелі жолаушы кетіп, күйеуіне баласын бағуға тура келеді. Таңертең баласын киіндіріп алып, бала-бақшаға апарады. «Бізде емес», - деп қабылдамайды. Екіншісіне барады, ол да солай қабылдамайды. Үшінші балабақшаға кіре бергенде баласы айтатын көрінеді:

- Папа, сен не, садиктерді аралап жүрсің? Тезірек мектепке барайық та, мен оқып жүрмін ғой.

### *Шапанды түнде жамыл*

Шал мен кемпір тойға баруға дайындалып жатыр. Шал кемпіріне айтатын көрінеді:

- Әй, менің әне бір жақсы шапаным бар ғой, соны алып берші.

Кемпірі оған ұрсады:

- И-и, саған кім қарайды, жүре бермейсің бе, осылай.

- Әй, алып бер енді! Мен ол шапанды кигенде өзімді жиырма бес жастағыдай сезінемін...

Сонда кемпірі күліп:

- Әй, сенің ондайың болса, сол шапанды түнде неге жамылып жатпайсың-әй! – депті.

### *Жылан*

Шопан жігіт қой бағуға шыққанда оқу үшін газет-журнал алып шығады екен. Бір газетті алып, онда «хайуанаттар әлемі» деген тақырыптағы мақалаларды оқып отырады. Әсіресе, дүниедегі не бір улы жыландар жөнінде жазылғандар үрейлендірген әсер берді. Соның арасында арт жағынан кенеттен «пыс!» деген дыбыс шығады. Шопан шошып кетіп, ыршып, шыңғыра секіріп, анадай жерге барып түседі. Құдды әлгі оқып отырған жыланы пысылдап келгендей болды.

Қараса ... тығынынан көбігі бұрқырап, пысылдап жатқан өзінің шұбат құйған құтысы екен!

*Әзілдер Сержан Шәкираттың*
*«Маңғыстау күлкісі-2» кітабынан алынды.*

**Спорт**

# Жансая Абдумалик выиграла чемпионат Казахстана в двух категориях



13-летняя шахматистка Жансая Абдумалик стала чемпионкой Казахстана среди спортсменов до 20 лет. Об этом сообщил отец Жансаи - Данияр Аширов.

«Жансая выиграла первенство в Павлодаре в двух категориях - рапиде (быстрых шахматах) и блице (молниеносных шахматах). В классике, к сожалению, ей не удалось войти в число призеров - она стала четвертой. Но эта категория была раньше и мне кажется, что по ходу турнира Жансая сильно прибавила, так как стала обретать уверенность - во-первых, она давно не играла в Казахстане, а во-вторых, соперники оказались не такими «страшными» как казалось сначала», - отметил Аширов.

2 марта на командном женском чемпионате мира в Астане Абдумалик дебютирует в составе женской сборной Казахстана. После этого турнира у Жансаи запланирован учебно-тренировочный сбор с шахматистом с мировым именем. Кто это будет, однако, Аширов пока решил не уточнять.

**www.zakon.kz**




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева, Л.Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 2000

“CASPIY PRINT” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750
Тапсырыс: 3233